

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ НЕГІЗГІ ҚЫРЛАРЫ

Орталық Азия картасында Қазақ хандығының пайда болуы көшпенділер дәстүріне сәйкес мал жайылымдары бар үлкен территорияларды иемдену үшін бір-бірімен құресте болған ірі постмонголдық мемлекеттердің (Алтын Орда, Ақ Орда және Темір мемлекеті) құлдырауынан туындаған халықаралық қатынастардың аяқталмаған дағдарысы негізінде жүзеге асырылды. Алтынордадағы «ұлы бүлік» кезеңінде аймакта үздіксіз соғысқа ұласқан

жүз жылдан астам саяси тұрақсыздық орын алды. Жағдайдың шиеленісе тұсуі шынғыстықтардың қалыптасқан династиялық дәстүріне қарсы күреске байланысты негіз алды. Шынғыстықтардың екі саласының яғни, тұқатемірліктер мен шайбанилердің Дешті Қыпшақтағы билікті иемдену үшін таласқан қарулы қақтығыстары 1428–1503 жылдар аралығына, жалпы алғанда, 75 жылға созылды.

Осы оқиғалардың негізінде ғұзбек ұлысынан күтіндалған Керей мен Жәнібек Жетісу билеушісі Есен-бұғы мен ортаазиялық әскербасшысы Юнус екеуінің аралығындағы қайшылықты пайдалана отырып, дипломатиялық жолмен өз жақтастарын Монголстанның батыс жағына қоныс-тандырды. Есен-бұғының пайымдауынша, олар қақтығысқа түсүші жақтар ортасындағы «аралық» болуы тиіс еді [1]. Ал, сұлтандар болса бұл жерде Қазақ хандығын орнатты, кейіннен ол көркейіп, әбліхайыр хандығының территориясына айналды.

Аймақтағы жағдайдың тұрақтанған бастауы XV және XVI ғасырларда Мұхамед Шайбанидің солтүстік Сырдарияны билеуге деген орынсыз әрекетінен бас тартуына байланысты болды. Нәтижесінде екі жақ татуласып, династиялық неке-ге отырды. Бұрындық ханның үш қызы шайбанилер әзулетіне ұзатылды: біріншісі – Мұхамед Шайбаниға, екіншісі – Мұхамедтің ағасы Сұлтан Махмұдқа, үшіншісі – Мұхамедтің ұлы Темір сұлтанға тұрмысқа шықты [2]. Қазақ билерімен соғыстың токтауы Мұхамед үшін қүшін жинауы-на және Мәуренахдағы билікті жауап алуды аяқтауға, сөйтіп, ұзаққа созылған алауыздықты реттеп, соңғы нүктесін қоюына мүмкіндік берді.

Алайда, Мұхамед аймақтағы жағдайдың тұрақталуын бұзды. Ол жаңа мемлекет бекі-тілгенін кейін бірден солтүстік көршілерін Сыр-дарияның жанындағы калалардағы базарлардан аластата бастады [3]. Осы жағдай екі жақтың арасында төрт рет соғыс өртінің тұтануына себепші болды. Сонынан қазақ ханы Қасым Түркістаннан Ташкентке дейінгі жердегі халықтың басын қосып, бұрынғы кезге тән болған қоғамдағы тәртіп бұзушылықтарды реттеді.

Қасым хан басқарған кезенде хандықтың территориясы батысқа, онтүстікке және онтүстік шығысқа қарай көнегейіп, созылды. әсіресе сол кезде тиімді дипломатиялық әдістер батыстық бағытқа қарай пайдаланылды. Ноғай рұларының өз еркімен қазақ еліне ауысуы шын мәнінде қазақ билерінің көптеген ықпалды ноғайлықтармен жақын қарым-қатынас орнатуы арқылы анықталды, оған сол кезде Қасым ханының қыздарының бірінің ықпалды ноғай мырзасы Шайх-Мамайға тұрмысқа шығуы дәлел [4].

Қасым ханының билік еткен уақытына Қаш-кар хандығымен, Мәскеумен және басқа да мемлекеттермен алғашқы дипломатиялық байланыс орнатуы тұспа-тұс келеді. Дегенмен, атальыш байланыстардың орнауы және олардың мазмұны туралы мәліметтер өте аз. Болашақта ғылыми айналымға енетін жаңа мәліметтер осы мәселелерді анықтауға

септігін тигізер деген үміттеміз.

Сондай-ақ, осы билеушінің атымен «Қасым ханың қасқа жолы» деп аталағын зан бар екенін де білеміз. Оның елшілік әдет-ғұрыпқа байланыс-ты арнайы белімінде халықаралық катынастың нормалары мен этикеті туралы айтылған [5]. Әкінішке орай, зандаρ жинағының мәтіні мүлдем жазылмаған және біздің дәуірімізге естеліктер арқылы жеткен. Сондықтан да атальыш қызықты белімнің мазмұнын талқылау мүмкіндігі жок. Дегенмен, мемлекеттік маңыза ие құжатта халықаралық катынас ұйымдарының нормативтік базасын жасаудағы алғашқы кадамның көрініс тапқаны анық.

XVI ғасырдың 20-жылдары Тахир ханың тұсында батыстағы және онтүстіктерге территория-лардың басым бөлігі жоғалады. Алдымен оған дейінгі хан орнатып кеткен ноғайлармен арадағы жеке катынаска сыйкат түседі, туыстық қарым-қатынас та бұзылады. Сонынан Ноғай Ордасы бұрын қазақтардың иелігіне өткен өз жерлерін даулады, нәтижесінде оған Қырым хандығы мен Мәскеу мемлекетінің қыспағы қүшінейді. Сепаратизмің ушығуы мен қазақ сұлтандарының арасында пайда болған жік ноғай мырзаларына Тахир ханға әскери дайындық пен дипломатиялық епті әдістерді қолдануына мұрша берместен, оқыстап жеріне басып снуіне мүмкіндік берді. Сондықтан қазақтар шегініс жасап, қыс ортасында, 1523–1524 жылдар аралығында амалсыздан Жетісу бағытына қарай қоныс аударды.

Бірақ, мұнда қоныс аударған соң Тахир монғол монархының туған апасы болып келетін өзінің өгей шешесі Сұлтан-Нигар ханымды бетке ұстай отырып, Монголстан билеушісі Сұлтан Сайдпен келіссөз жүргізуғе белсене кіріседі. Сонын нәтижесінде Тахир қарындастын Сұлтан Сайдтың ұлына ұзатады. Ол, сондай-ақ, өз жағына қырғыздарды да тарта біледі, олардың саны осыдан шамамен екі жұз жылдан бұрын Қазақ мемлекетіне кіргендегі кезінен де көп болады. Осылайша күш ара салмағының өзгеруіне байланысты монголдар Жетісу жерінен біржола ығы-сып, қазақтардың осы аймақты иелену процесі аяқталады.

Тахир хан мұндай нәтижеге қазақ зиялышарының қолдауынсыз жеткендігін атап өткен жөн. Осылайша қарағанда кейбір зерттеулерде оның бо-йында дипломатиялық қабілеті жоқ болатын деп жазылуы негіzsіз.

Осылайша кейінгі XVI ғасырдың 30–50-жылдары Қазақ мемлекеті үшін ете ауыр жылдар болды. Ноғайлықтармен қақтығыстар жалғасты. Қазақ-қырғыз достастығына карсы монголдар мен өзбек басқарушылары одағының қүшеюі, Жетісу дағы және

онтүстікегі жағдайдың шиеленісе тусуіне әсер етті. Содан кейін сібірліктермен толықкан қалмақ факторы көрініс берді. әскери сәтсіздіктердің масштабы мен сипаттының салмақты болғаны сондай сол кезде қазақ хандығының жойылуына байланысты деректерді көлтірді. Қазактар үшін бір мезгілде бірнеше майданда құресу, шын мәнінде өте қауіпті болғаны ақыт.

Фасыр ортасында билікке келген Хақназар хан үшін ноғайлармен арадағы қатынасты тұрактандыру мүмкіндігі туды. Бұған оның қарындасының ықпалды ноғайға тұрмысқа шыққандығы да өз әсерін тигізбей қойған жоқ [6]. Осыдан кейін ноғайлыктардың қазактарға қарай қоныс аударуы жаңырды. Хақназар одан ары қарай да қарсыластарын азайту мақсатында Мәуренахрдың билеушісі Абдоллахпен оның қоластына өткендігі жайлы «сертті-шарт» бекітті. Осылайша қазактарға қарсы мөгол мен өзбектердің одағын бұзды, өзбектердің арасындағы келіспеушілікті пайдалана отырып, қазактардың иелігіне Сырдария мен онтүстік өнірлерді қайтарып ала бастады [7]. Батыстағы және онтүстікегі дипломатиялық жетістіктер Хақназар ханға әскерінің негізгі күшін мөголдарға, қалмактар мен сібірлік татарларға тегеуірін көрсету үшін шоғырландыруға мүмкіндік берді.

Хақназар билікте болған кезде Мәскеумен арадағы қарым-қатынас қайта жанғырды. 1559 жылы дала IV Иванның грамотасымен Мәскеу мемлекетінің алғашқы ресми өкілі ретінде Антони Джленкинсонды, ал 1569 жылы орыс елшісі Семен Мальцевті қабылдады. Келіссөздер бірлескен сауда және қазактардың Мәскеумен ортаазиялық хандықтармен сауда байланысы кезінде дәнекер болуы жөнінде келісім-шартқа отырумен аяқталды. 1573 жылы патша Сібір хандығына қарсы одакты бекіту үшін далаға Третьяк Чебуковтың миссиясын жіберді, алайда, бұл максат адамдардың Көшім ханды тұтқындауына байланысты орындалған жоқ [8].

Хақназар хандығы кезінде халықаралық жағдайың барынша жақсарғаны – оның шебер дипломат болғанын аңғартады.

Одан кейін билікке келген Шығай хан тақта ұзак отырмаса да, шайбанилерге қамкор болғансып, дипломатиялық «ойын» ойнап, онтүстікегі зонаны Ходжентжерінің есебінен кенейтіп алды [9].

1582 жылы оның орнына келген Шығайдың ұлы Тәуекел хан да жоғарыда аталған дипломатиялық «ойынды» жалғастырды. 80-ші жылдардың басында ол Абдаллах ханның жеке гвардиясын басқарды және осы енбегі үшін оған хан Афаринкент вилайетін тапсырды [10]. Алайда, бір жылдан кейін Абдаллах

ханының тағына отырғаннан кейін бұқарлықтардың қазактарға қамқорлық жасауына зору емес екендігін айтып, осы істің соңғы нүктесін қойды да Ташкент үшін куреске бел буа кірісті. Қарсыластарының лагерінде өткір қайышылықта ойнаған ол 1588 жылы Ташкентке қазақ сұлтанының билеуші ретінде қойғысы келді. Бірақ оның бұл қадамы сәтсіздікпен аяқталды [11].

1598 жылы Абдаллах хан қайтыс болды. Абдаллах ханының монархиясы құлаған кезді сәтті пайдаланған Тәуекел Сайрам, Ташкент, Түркістан, Самарқант қалаларын жаулап алды, Бұхараны қоршағанмен, оны жаулай алған жоқ. Осы кездегі қарулы қактығыстар кезінде жараланған ол Ташкентке қайтуға мәжбүр болды, кейін сонда көз жұмды [12]. Өзбектер ол жаулап алған қалалардың Самарқантан басқасының бөрін қазактардікі екенін мойындағы.

Тәуекел ханының ішкі саясатында өзбек векторының ең бағытты болғаны, бірақ жалғыз емес екені даусыз. Ол шығыста қалмақтардың жерінің біраз болігін басып алды да, ол жерге билік жүргізуге өзінің ағасы Шах – Мұхаммадты қойды [13]. Ұлын билік басына қою арқылы қырық қалмак руының сеніміне ие болған хан олардың өзінегін деген ниестінің түзулігін сезіп, қолдауына ие болды [14].

Тәуекел хан Орыс мемлекетінің есу қарқының да жіті бақылат отырды, шекарасының қазақ дала-сына қарай жақындаш келе жатқан анғарып, олармен тұракты экономикалық және саяси байланыс орнату қажет екендігін сезінді. Оның 1594 жылы Мәскеуге одактастық қарым-қатынас орнату және қазактар есқі жауларымен соғыс-кан кезде қажеттілігі қатты сезілген дәрімен атыла-тын кару-жарап тұғырымен қамтамасыз ету үшін Құл-Мұхаммад сұлтан бастап барған көптеген ресми миссияны жіберуі де тегін емес еді [15].

XVI ғасырдың сонына қарай Тәуекел ханының дипломатиясы қазақ хандығының халықаралық позициясын нығайтты.

XVII ғасырда қазақ хандығының ішкі саясатындағы шығыстық сегмент үлкен өзгерістерді басынан кешірді, ең бағытты уақыт ете келе далада жоғарлардың қауіптілігі біліне бастады. Қалмақ факторы алғашқы жылдардың өзінде-ақ шапқыншылық орнатып, қазақ жеріне дендел енгісі келетіндігін білдірді. Олардың мұндей қадамға баруына монголдардың оларға қысым жасауы да ықпал етті. Сібір территориясындағы қалмактар орыстардың құрамына енуге ниет білдірді, осы арқылы олар қазақ дала-сына енудін тиімді екенінен назар аударды [16]. Ұлы жүздің рулары тіптен біраз уақыт бойы қал-

мақтардың өздеріне билік жасауына қарсылық білдірген жок.

Жағдай 1619 жылдан бастап, Есім ханның жаумен шайқасуы кезінде билік басына келген кезінде онала бастады. Өзіне берілген жігіттер мен қашқар және қырғыз билеушілерінің одактастық көмегіне сүйенген ол қарсыластарын кейін шегіндіруге және осы үшін әлемнің елшілерінен көмек сұрауға мәжбүр болды, алайда – оның бұл мақсаты орындалған жок [17].

Қазақтар 20-шы жылдары қырғыздар мен ногайлар және үнемі бір уақытта монголдармен біріге отырып, қалмактарға қарсы жорықтар ұйымдастырыды, осылайша олар қалмактардың әскери рухын басты және бастарына тыныштық беруін сұрауға мәжбүрледі. Бірақ бұл ұзакқа созылған жок. 1627–1628 жылдары Есім жауларын аяусыз қанға бекітргені сонша, олардың бір бөлегі шығыска, енді бірі солтустік Қазакстан арқылы Еділ өзенінің төменгі тұсына қарай көшіп кетті. Олардың басып енүі алты жылдан кейін аяқталды.

1635 жылы Онтустік және Батыс Сібірдегі қалмак рулады өздерін жаушыл ұстап, Жонғар мемлекетіне бірікті. Анда-санда ымыраға келгені болмаса, бір ғасыр бойы далада соғыс өрті толастаған жок. Жонғарларға қарсы соғысты ұйымдастыру міндеті алдымен Жәңгір ханға, кейіннен Тәуке ханға жүктелді. Әскери іс-әрекеттерде әр кезде әрқи-лы жетістіктер болып тұрды. Дипломатияның практикасы осы күрес кезінде монголдардың әр кезде Шығыс Түркістанға, қырғыздарға, ногайларға, қара-қалпак, өзбектермен одактасуға бейім екенін қарастырыды. Және оның нәтижесі де анық байқала бастады. Соғыс кезінде ағалық камкорлықты көрсеткендігін еске қалдыру үшін Есім ханның бұйрығы бойынша сол кезден бастап бір қырғыз басшысының есімін мәнгілік есте қалдыру мақсатында Ташкентте оның құрметіне «Құкемнің көк күмбезі» деп аталатын мұнара салдырты [18].

XVIII ғасырдағы оқиғалар жасалып жатқан шаралардың жонғар қауіптілігін жоюға жеткіліксіз екендігін көрсетті. Жонғарлардың арынының қүшесі, Еділ бойындағы қалмактардың, баш-құрттар мен жайық казактары жасаған қысымның көбеюі басшылардың Ресеймен арадағы сауда-экономикалық сферадағы дипломатиялық катынасты басты назарды әскери-саяси салға бұру қажеттігін байқатты.

1716 жылғы күзде Сібір губернаторына барған елшілер патшага Қайып ханның жонғарларға қарсы күрес үшін әскери одак құру туралы ұсыныстарын

айтуын өтінді. Осы қадамдарының қайырымды екендігін дәлелдегісі келген олар губернаторға жонғарлардың тұтынына түсken екі орысты тапсырды [19]. Ресейліктердің жауабы жалтармалы болды. Жонғария мен Қытай арасындағы жақындықты пайдалана отырып Ресей оны өз қарауында ұстағысы келді, алайда, олар бұл үшін әскери шара колданғысы келмеген еді. Ал қазактармен одактасу әскери орталықтар және басқа да ресурстары үшін Батыстағы кейір елдермен арадағы жағдайдың шиеленісінде байланысты қауіп төндіретін еді. Осы себептерге байланысты одак «ақ табан шұбырынды» кезінде де орнаған жок. Дегенмен, қазақ башшыларының дипломатиялық қарым-қатынасын бекер болды деп санауға болмайды. Қазақтар үшін аса қасиетті болған 1723 жылы I Петр өзіне бағынышты Еділ бойындағы қалмақ ханы Аюкты жонғарлармен одак құрам деген жерінен тоқтатып, оның далаға батыстан шабуыл жасауын қойдырған болатын [20].

30-жылдардың басында халықаралық жағдайдың нашарлауына байланысты қазақ мемлекетінің шекарасына қай жақтан алғып караса да қауіптің күшеюіне байланысты ішкі орталықсыздандыру женілденген соң, Кіші жұз бен Орта жүздің хандары Ресейдің қоластына кіруді жөн санады.

Протектораттың қазақтарды жонғар мен қытайдан төненетін қауіптен қорғауы айтартықтай болмаса да, өлкені жылдамдатып әскери-казак колониясына айналдырып жіберді. Осы тенденцияға қарсы тұру әрекеті сұлтан есімімен, одан кейін Абылай ханмен байланысты. XVIII ғасырдың 40-80-жылдарындағы ішкі және сыртқы жағдайдың үшінші түрған кезінде ол қыруар қызмет атқарды. Алдымен ол қазақ-жонғар қатынасын дәстүрлі жауласудан одактастыққа қарай бүрді, жағдайдың бұлайша өзгеруі Қытай мен Ресейге ұнамады. Державалар арасындағы қақтығыс кезінде елді шебер басқара білген Абылай қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің дамуын қамтамасыз етті және кезінде жонғарлар жаулап алған жерлердің басым бөлігін қайтарып алды. Өкінішке орай, ол дүниеден өткен соң, бұл тенденция жалғасын таппай қалды.

Қазақ қоғамының ішкі саяси белсенділігі деңгейінің өсу кезеңі Кенесары ханның жетекшілігімен бодандыққа қарсы көтерілісті бас-карған кезеңімен тұспа-тұс келеді. Кенесары хан Ресеймен қарым-қатынас кезінде әскери әдістерді колданды, дегенмен, дипломатиялық әдістерді де назардан тыс қалдырған жок. Соғыс кезіндегі үзілісті ол өзінің басты қарсыласы Қоқан хандығына қарсы соккы берген кезде өте шебер пайдалана білді. Ол

бұл істі қазактарға қарсы дүшпандық саясаттағы ресейлік дипломатияның ықпалынсыз-ақ жүзеге асырды. Бодандыққа қарсы күрестің барлық кезеңінде ол Бұхар хандығымен одактастық катынасты нығайтты. Дәл осындай қатынас Хиуа хандығымен де орнады. Оның дипломатиясының басты мақсаты – Шығыс Түркістанмен одақ құру, мұны жүзеге асыруға оған алдымен жергілікті басшының шешім қабылдай алмайтындығы, кейіннен оның қайтыс болуы есептті.

XIX ғасырдың 50-жылдары Ресей әскерін ұлы жүздің жеріне қарай терең бойлатып жібереді, ал 60-жылдары Сібір мен Сырдария бағытындағы әскерді біріктіруді жүзеге асырады, осылайша ұзаққа созылған қазак жерін қосып алу процесі аяқталады. Алайда, соңғы амал ойластырылып жатқан кезде патша үкіметі қазак территориясын басқару үшін сыртқы саяси ведомстваларды енгізуіді алып тастауды тездетті, ішкі саяси әркетке басымдық танытты. 1860 жылдың 16 қантарында Орынбор қырғыздары облысының басқармасы В. Григорьев домалақ хатында сұлтан-басшылар мен Орынбор ведомствасының барлық басшыларына «Біздің императорымыз, государь Александр Николаевич Орынбор қырғыздары ведомствасы басқармасының сыртқы істер министрлігінде жасалып келген барлық құжаттары ішкі істер министрлігіне табысталатындығы жөнінде бұйрық берді» деп жариялады [21]. Әрі қарай құжатта «Орынбор қаласындағы мекемелердің Орынбор қырғыздары басқармасы үшін Шекаралық комиссия деп өзгерту ынғайсыз, сондыктан оны Орынборлық қырғыздардың облыстық басқармасы деп атау бұйрырылды» деп жазылған [22]. Осылайша Ресей империясы территориясының бір бөлігі ретінде қарастырылып келген қазак жерлерінің жана статусы заңдық негізде рәсімделді. Қазак мемлекетінің дипломатиясының тарихы ғасырдан астам уақытқа үзілді.

Қазақ мемлекетінің халықаралық өміріндегі оқиғаларды сараптау оның XV–XIX ғасырларда дипломатиялық тәжірибесінің бай болғандығын анғартады. Бұл оның негізгі субъектілері, сондай-ақ оның іс-әрекетінің формалары мен әдістерін анықтауға лайықты.

Қазактардың дәстүрлі қоғамында құрылтай – ең маңызды мәселелерді қарастыратын, оның ішінде ішкі саяси мәселелер де қарастыратын жоғары орган болып табылады. Осы жиынның құрамы, өткізу жиілігі және шакырту орны туралы «Жеті жарғы» жинағының 31-бабында билайша хабарланады: «...хан, барлық сұлтандар сияқты, ру басшылары мен ақсақалдары күздігүні даланың ортасында бір жер-

те жиналып, халықтың істерін талқыға салады» [23].

Құрылтай арасындағы жоғары билікке ие адам – хан. Ол соғысты жариялауға және бейбітшілікті орнатуға, басқа мемлекеттермен келіссөз жүргізу құқына ие. Алайда, хан билікті жалғыз өзі иемденбейді, ол мұны сұлтандармен, кейіннен билермен алмастырған. Е.Бекмахановтың айтуынша, «XVIII ғасырға дейін ақсүйек өкілдері ягни, хандар мен сұлтандар – казактардың қоғамдық-саяси өмірінде үстемдікке ие болған».

Дипломатиялық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың сұлтандар мен билердің субъективтілігі олардың құрылтайға мүше болуы арқылы және хан кенесінде халықаралық істерді талқылау кезінде дауыс беру құқы арқылы көрініс тапты. Тәуекел сұлтан хан болмай тұрып, шайбаниліктерге коластына енуге байланысты тапсырмаларды орындаған. Жәнгірдің кезінде Қашқариядагы елшілікті оның ұлдары Тәуекел мен Апак баскарған [24]. 1767 жылғы Пекинге Дәүлеткөрек сұлтан бастаған миссияның құрамында болған 19 адамның алтауы би болған. 1769 жылы тағы да сол өнірге елшілік сапармен барған Уәли сұлтан мен Жарылғап би бастап барған топта да дәл осындай категориядағы 15 адам болған [25].

Хан дипломатиялық қызмет атқарған кезде оның айналасында көптеген кенесшілері, көмекшілері, тілмаштары және де тапсырмаларын орындағайтын қарапайым адамдары болған.

XVIII ғасырдың соңына қарай шынайы халықаралық қатынастардың қатысуышылары ретінде бодандыққа қарсы қозғалыстың көшбасшылары ресми арналар мен күрестің маңызына қарай басқа мемлекеттердің басшыларымен байланыстарды реттеп отырған. Санак жүргізгенде және басқа да қатынастар кезінде Емельян Пугачевпен Досалы сұлтан байланыс жасаған, III Петр императорды жалған атақты деп таныды және оған 200 жігіттен тұратын топты жіберді [26]. Хиуа хандығының басшылығымен тікелей байланысқа өз кезегінде Сырым Датов, Есет Көтібаров, Кенесары Қасымов және тағы да басқа көтеріліс басшылары шықкан [27].

Сұлтандар мен билер бала кезінен араб, шағатай, кейіннен парсы, орыс тілдерінде сауат ашқан көдімгі және мұсылман құқығы негізінде білім алған білімді адамдар болаған. Сұлтандар мен билердің басым бөлігінің әскери білімдері мен машиқтары болған. Дипломатиялық машиқтары тәжірибе жоғымен келген, алдымен салтанатты шарапарға қатысу, кейіннен анағұрлым құрделі қызметтерді жүзеге асыру формасында және оның арасында аманатты орында да болған.

Дипломатиялық іс-әрекетке дайындық жорыққа

шығу кезінде жүзеге асырылған, Т.Сұлтановтың айтуынша, XVII ғасырдың сонына дейін «хандардың астанасы олардың ер тоқымы бол-ған». Таңкент пен Туркістанды жаулап алғаннан кейін бұл қалаларда арнайы резиденция-сарайлар пайдада болды, онда хан болмаса да оның сенімді өкілдерінің басқаруымен халықаралық істерге машықталған шенеуніктер штаты жұмыс істеген [28].

Қазақ хандығындағы ішкі қарым-қатынас мәселелеріне байланысты іс жүргізу шағатай тілінде, кейіннен орыс тілінде жүргізілген [29].

Сыртқа шығарылатын және мемлекет ішіндегі хат-хабарлар хандар мен сұлтандарда да болуға тиісті таңба арқылы расталған. Дипломатиялық іс жүргізуге қатысты мәнзызды құжаттардың катарына Қазақ хандығы атынан басқа мемлекеттерде бекітілетін келісім-шарттар да жатады. Алайда, басым бөлгінің мазмұны кейбір деректерде берілгені болмаса, олардың көпшілігі сақталмаған.

Осылайша Қазақ мемлекеттің дипломатиясы өз дамуы барысында бірнеше кезеңдерді басынан кешіре отырып, мынадай міндеттерді шешті:

- Қазақ басшыларының Дешті-Қыпшақ территориясындағы билігінің легитимділігін қамтамасыз ету;

- Олар күрған мемлекеттің жер үлесін жинақтау;

- Олардың территориясын сыртқы қауіптер-ден қорғау;

- Қазақ хандығының бөлініске түсіүі мен жаппай жойылуына күш қолдану арқылы сырттан қауіп төніп тұрған кезде басқа мемлекеттердің қарамағына тұтастай немесе жартылай енүі;

- Ресей қарамағында болған кезеңде тәуелсіздікті сақтау және оның деңгейін көтеру.

Алайда, патша үкіметтің отарлық саясатының заралдары мен қазақ қоғамының ішкі дамуындағы факторлардың әлсіздігі XIX ғасырдың екінші жартысының басында мемлекет пен тәуелсіздіктен ұзак мерзімге айырылуына ықпал етті. Тек XX ғасырдың 90-жылдары ғана мемлекеттің тәуелсіздігі жарияланған тұста ғана қазақ халқының дипломатиялық өнерінің үзілген жібі жалғанды.

### ӨДЕБИЕТ

- Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. Алматы, 1969. С.10; Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. С.55, 194.

- Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992. С.272.

- Прошлое Казахстана в источниках и материалах/Под ред.проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А.

2-е изд. Алматы, 1997. С.134.

4. Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алматы, 1985. С.66; Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Указ.соч. С.276.

5. Күзебай-ұлы А., Абиль Е. История Республики Казахстан. Астана, 1999. С. 143.

6. Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. С.49; она же. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.: История, политика, дипломатия. Алматы, 1998. С.90.

7. Артықбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. Алматы, 2001. С.99–100; Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Указ.соч. С.291-292.

8. Антолова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. Алматы, 1948. С. 187.

9. Прошлое Казахстана в источниках и материалах... С. 145.

10. Материалы по истории казахских ханств в XV–XVIII вв. С.311.

11. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Указ.соч. С.294.

12. Извлечения из «Зияя ал-кулуб» // Юдин В.П. Указ.соч. С. 175-176; Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы, 2001. С. 205-206.

13. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках: Сборник документов и материалов. Алматы, 1961. С.3.

14. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. С.4.

15. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. С.3-9.

16. Мусеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алматы, 1991. С.18-19.

17. Материалы по истории казахских ханств в XV–XVIII вв. С.418; Артықбаев Ж.О. Указ.соч. С.111, 114; Султанов Т.И. Указ.соч. С.219.

18. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. В 5 т. Алматы, 1985. Т.2. С.77.

19. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. С.21; Мусеев В.А. Указ.соч. С.85.

20. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. (1771–1867 годы): Сборник документов и материалов. Алматы, 1964. С.460.

21. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. С.460.

22. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. С.460.

23. Левшин А.И. Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей / Под общ. ред. М.К.Козыбаева. Алматы, 1996.

24. Материалы по истории казахских ханств в XV–XVIII вв. С. 385;

25. Артықбаев Ж. XVIII ғасыр // Қазақ тарихы. 1998. № 1. 81-б.

26. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. С. IV, 18-19.

27. Рязанов А.Ф. Набеги хивинцев и туркмен в киргизскую степь в 1848 году. Оренбург, 1925. С.5; Құрманалин С. Қазақ-Хиуа қатынастары// Қазақ тарихы. 1998. № 1. 34, 36-66.

28. Султанов Т.И. Указ.соч. С.211.

29. Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в

XV–XVII вв. С. 132.

### **Резюме**

Казахскими ханствами вырабатывались и использовались различные формы, методы и средства государственного управления. Исходя из обстановки решаемых задач заключались междинастийные браки, поиск и нахождения союзников, представление аманатов.

### **Summary**

The kazakh khanates developed and employed different forms, methods and means of diplomacy, proceeding from the challenges posed before them, which included, among others, concluding of inter - dynasty marriages, searching for and finding of allies, providing of hostages.